

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
заң факультетінің 4 курс студенті:
Кунаева Анаргул
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы
Даубасова Сулушаш Шынжырханқызы

**Меншікке қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесінің теориялық
алғышарты**

Меншікке қарсы қылмыстық қол сұғушылықпен күрес жүргізудің маңызы, қылмысты дер уақытында ашу мен оны жан-жақты тергеуде ерекше орын алады. Меншікке қарсы қылмыстарға байланысты қылмыстық істердің ашылмай қалуы, көбінде қылмыскерлердің қылмыстық әрекет жасау немесе оның ізін жасыру кезінде өте айлалы әдіс-тәсілдер қолдануларына байланысты, әсіресе тергеу барысында тергеушінің жіберген кемшіліктерінің, нақты айтқанда: оқиға болған жерге дер уақытында шықпауының (келмеуінің) немесе ол жерге қарау жұмыстарын толық немесе мұқият жүргізбеуінің, ғылыми-техникалық құралдар мен тактикалық тәсілдерді дұрыс қолданбауының нәтижесінде.

Қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі немесе криминалистикалық әдістеме – криминалистиканың жеке тарауы бола отырып, нақты заң талаптарына сәйкес тергеу әрекетін неғұрлым тиімді әрі нәтижелі жүргізуге ғылыми негізделген ұсыныстарды жасау мақсатында жекеленген қылмыс түрлерін ашу, тергеу, оларды алдын алу шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру заңдылықтарын зерттейді[1].

Криминалистикалық әдістемені қалыптастыру мүмкіндігі – әрбір криминалдық іс-әрекет жеке өзіне ғана тән ерекше белгілерді, сонымен қатар барлық қылмыстарға тән жалпы белгілерді иемденетіндігіне негізделеді (бұл қылмыстың жекеленген бір түріне немесе тобына қатысты белгілер).

Мәселен, ұрлық жасауда, оны жасау уақыты, мерзімі, әдістемесі мен жағдайларына қарамастан жалпы белгілері бір болып келеді және басқа да қылмыс түрлерінен: адам өлтіру, зорлау, тонау, т.б. осы белгілері арқылы ажыратылады.

Меншік - бұл материалдық игіліктерді, бәрінен бұрын өндіріс-құралдарын меншіктеудің тарихи анықталған қоғамдағы формасы. Өндіріс құралына меншіктің сипаты өндірістік қатынастардың түрімен анықталады. Қандай қоғам болмасын экономикалық негізін көрсете отырып, меншік әрбір мемлекетте заңның әртүрлі салаларымен, оның ішінде қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік құндылық болып табылады [2].

Қазақстан Республикасында азаматтың, қоғамдық ұйымдардың, кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің меншігінен басқа шетел мемлекеттерінің, халықаралық ұйымдардың, шет ел заңды тұлғаларының және азаматтығы жоқ азаматтарының меншігі де болуы мүмкін.

Қылмыстың жекеленген топтарына ортақ жалпы белгілердің болуы – нақты бір қылмыс жөнінде іс қозғау ерекшеліктерін, осы қылмыстарды тергеу кезінде туындаған типтік болжауларды, сондай-ақ алғашқы және кейінгі жүргізілетін тергеу әрекеттерінің сипаты мен міндеттерін, оларды неғұрлым тиімді жүргізу әдіс-тәсілдерін, нақты криминалдық құбылыстарды ескерту, алдын алу шараларын анықтауға мүмкіндіктер береді. Нақты айтқанда, жекеленген қылмыс түрлері мен топтарының жалпы белгілері тергеу әдістемесі негізделетін фундаментті құрайды.

Қылмыс белгілерінің жалпылығы олардың әрқайсысының жекелігін жоққа шығармайды. Сондықтан да тергеу әдістемесінде әрбір нақты іс-әрекетті тергеуге қатысты нұсқаулар жоқ және болуы да мүмкін емес, әдістеме – жекеленген қылмыс түрлері мен топтарының жалпы белгілеріне сүйене отырып барлық қылмыстық әрекеттерге тән сипаттамаларды анықтайды және де оларға сәйкес ұсыныстар береді. Бірақ, тергеуші оларды нақты бір қылмыстық істегі ерекшеліктерді ескере отырып қолдануы тиіс. Әдістеме ұсыныстарын нақты бір қылмыстық істі тергеуге механикалық алмастыру – тергеушінің қылмысты ашу мен тергеу жұмыстарын жүргізуін қиындатады. Демек, криминалистикалық техника мен криминалистикалық тактикадағы қылмыстық оқиғалардың жекеленген түрлері мен топтарының тергеуге қатысты мәліметтері мен оларды мақсатты пайдалануға бағытталған әдістеме жөніндегі ұсыныстарды жинақтайды.

Қазақстан Республикасының конституцияға сәйкес меншіктің басқа да нысандары болуы мүмкін. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігінде, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Әсіресе, азаматтардың және заңды тұлғалардың меншігіндегі мүлікті біріктіруге және осының негізінде ресей заңды тұлғаларының және азаматтарының және шетел заңды тұлғалары мен азаматтарының қатысуымен біріккен кәсіпорын меншігін құруға мүмкіндік беріледі[2].

Меншікке қарсы қылмыстар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 6 тарауында көрсетілген. Меншікке қарсы қылмыстың объектісі өз мүлкіне иелену, пайдалану және билік ету бойынша меншік иесінің құқығын, сондай-ақ меншік иесі болмағанына қарамастан, бірақ заңмен немесе басқа құқықтық актілермен қарасырылған басқа негіз бойынша шаруашылық жүргізуге, жедел басқаруға құқығы бар мүлікті иеленуші адамның құқығын қосатын меншіктік қатынастар болып табылады.

Меншікке кәсіпорындар, мүліктік кешендер, жер телімдері, тау бағандары, ғимараттар, құрылыстар, құрал-саймандар, шикізаттар мен материалдар, ақша бағалы қағаздар және басқа өндірістік, тұтынушылық әлеуметтік, мәдени мүліктер жатуы мүмкін.

Меншікке қарсы қылмыс пәні болып табылатын заттар санымен, салмағымен, мөлшерімен анықталуы керек немесе оның жеке-дара белгілері болуы керек, мысалы, ерекше құнды болатын заттар[3].

Меншікке қол сұғудың пәні әдетте қозғалатын мүліктер (ақша, құнды қағаздар, жеке тұтыну заттары, транспорт құралы, акциялар, облигациялар, жекешелендіру шектері, басқа мемлекеттердің валюталары) болып

табылады. Бірақ алаяқтық жасау, қорқытып алушылық және мүлікті жойған немесе бүлдірген кезде қол сұғушылықтың пәні қозғалмайтын мүлік болуы да мүмкін, яғни сәйкес шығынды тағайындау мүмкін емес объектілер (ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық көшеттер және т.б.)

Меншікке қарсы қылмыстардың жалпы белгілерінің болуына негізделі отырып, қылмыстық істің кез-келген түрі мен тобына қатысты сұрақтарды дұрыс шешуге байланысты маңызды мәселелерді зерттейді.

Алғаш қылары қылмыстық заңда көзделген қылмыстардың жекеленген түрлері бойынша құрылған және қылмыстық жазалайтын әрекет түрлерінің санына сәйкес келеді. Қылмыстардың жаңа түрлерінің пайда болуы жеке әдістемелердің өңделуін қажет етеді. Декриминализация өз кезегінде әдістемелер санының азайуына әкеп соқтырады.

Тергеу әдістемесінің құндылығы тергеу жұмысының әдістері мен формаларын жан-жақты талдаумен, сондай-ақ криминалистиканың соңғы жетістіктерінің нәтижесімен анықталады. Ол қылмысты тергеу мен ашу процесі барысында тергеушіге тергеу ісін неғұрлым тиімді ұйымдастыруға, жіберілуі мүмкін кемшіліктердің, сонымен қатар уақытты бос өткізудің алдын алуға көмегін тигізеді[4].

Жалпы теориялық тұрғыдан қарастырғанда криминалистикалық әдістеменің арнайы мәселелеріне (міндеттеріне) келесілерді жатқызуға болады: қылмыс пен қылмыстылықтың криминалистикалық бағытын (позициясын) зерттеу; қылмыстардың әртүрлі топтары мен түрлерін тергеу жолымен ашу және алдын алудың нәтижелі тәжірибесін зерттеу мен талдап қорыту; жасалған қылмыстық жауаптылық әрекеттері бойынша тергеуді ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жалпы заңдылықтарын анықтау; тергеуді ұйымдастыруды жүзеге асыру, сонымен қатар қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын алдын алудағы ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстар құрастыру.

Криминалистикалық әдістеменің қайнар көздеріне: қылмыс құрамының белгілерін, сонымен қатар қылмыстық істер бойынша тергеу барысындағы дәлелдеу пәні мен шектерін анықтайтын қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормалары; криминалистиканың, криминалистикалық техниканың, криминалистикалық тактиканың жалпы теориясының ережелері, криминалистикалық-ұйымдастырушылық ережелері; қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алу тәжірибесі; қылмыстарды тергеу кезінде пайдаланылатын басқа да ғылымдардың (сот-медицинасы, психология, криминология және т.б.) жекеленген ережелері жатады.

Криминалистикалық сипаттама – қылмыстарды табу, тергеу және алдын алудың тиімді әдіс-тәсілдерін дұрыс анықтауға ықпал ететін қылмыс туралы мәліметтердің жүйесі болып табылады.

Криминалистикалық сипаттаманың мазмұнына белгілі бір категориядағы қылмыстарды жасаудың элементтері, осы элементтердің арасындағы криминалистикалық маңызы бар байланыстар туралы мәліметтер жатқызылады. Криминалистикалық сипаттаманың ақпараттық негізін тергеу тәжірибесін зерттеу нәтижелері құрайды.

Криминалистикалық сипаттама туралы ілім – криминалистикалық әдістеменің құрамдас бөлігі болып табылады. Криминалистикалық сипаттаманың жалпы ережелері – криминалистикалық әдістеменің жалпы теориялық бөлімінің маңызды жағы. Ал жекеленген қылмыс түрлерінің криминалистикалық сипаттамасы осы қылмыстарды тергеудің криминалистикалық әдістемелерінің құрылымдық элементі[5].

Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы туралы ілімді қалыптастыру – криминалистика ғылымының дамуына да, тергеу тәжірибесінің одан әрі жетілдірілуіне де ықпал етеді.

Криминалистикалық сипаттаманы тәжірибелік қолданудың негізгі бағыттары: қылмысты ашу, болжаулар жасау; қылмыскер тұлғасы туралы болжау жасау; қылмыс туралы ақпараттың мүмкін болатын шеңберін дұрыс анықтау үшін із қалдыру механизмі туралы мәліметтерді табу жөніндегі жұмыстарды қолдану; тергеушінің тергеу әрекеттерін (сезіктіден, айыпталушыдан, жәбірленушіден жауап алу және т.б.) жүргізу кезінде тактикалық әдіс-тәсілдерін анықтау үшін; тиімді және дұрыс тактикалық шешім қабылдау үшін.

Әрі қарай, криминалистикалық сипаттама тергеу әдістемесінің барлық мазмұнына енгізіледі және қандай да бір жеке тергеу ұсыныстарын негіздеу үшін қолданылады деп ойлауға барлық негіз бар.

Меншікке қары қылмыстардың нәтижелі тергеудің міндетті шарттарына: жедел-тергеу жұмыстарын тез, әрі дер уақытында жүргізу; заттай дәлелдемелерді, сондай-ақ қылмыскерлердің оқиға болған жерлерде қалдырған іздерін – іздеп табу, бекіту, алу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану; іс бойынша құрылған болжауларды толық әрі жан-жақты тексеру; жұмыс жасау кезектілігін сақтай отырып, қолданылатын тәсілдерді дұрыс таңдап алу; оларды тергеу әрекеті барысында пайдалану шеберлігі жатады.

Меншікке құқық мазмұны бойынша едәуір кең заттық құқықты көрсетеді. Ол өзінің меншік иесіне ғана тиесілі затқа толықтай «шаруашылық билікті» жүзекке асыра отырып, оны пайдалану бағыты мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының азаматтық заңы мен меншік иесінің құқықтық күші заң күшінің «үш тағанын»(триада) көмегімен: иелік ету; пайдалану; меншік иесінің барлық мүмкіндігінің жиынтығын қамтитын билік жүргізуімен ашылады [2].

Иелік етудің заңдық күшімен осы мүліктің өзінде бар болуының заңға негізделген мүмкіндігі, оны өзі шаруашылығында қамтамасыз етуі(іс жүзінде оны иелену, өз байланысында бөлуі т.б.)түсіндіріледі. Пайдаланудың заңдық күші заңға негізделген эксплуатациялау мүмкіндігін, заттан пайдалы қасиеттерін алу жолымен мүлікті шаруашылықтық және басқалай пайдалану мүмкіндігін көрсетеді.

Бұл иелік ету құқығымен тығыз байланысты немесе жалпы қағида бойынша мүлікке іс жүзінде иелік ете отырып қана оны пайдалануға болады. Мүлікке билік жүргізу құқығы мүліктің заңды тағдырын оның меншіктілігін, жағдайын және тағайындауын (шарт бойынша мүліктен айыру, мұрагерлікке

беру, жою және т.б.) ауыстыру жолымен анықтаудың ұқсас мүмкіндігін білдіреді.

Меншік иесінде бір уақытта аталған үш құқық өкілеттігінің бәрі шоғырланады. Бірақ жеке-жеке, кейде барлығы бірге меншік иесіне жатпауы мүмкін, басқа заңды (титулдық, яғни белгілі заңды негізге сүйенген-титул) мүлік иесіне, мысалы арендаторға жатуы мүмкін.

Меншікке қарсы қылмыстарын тергеу мен ашу, тәртіп бойынша күнделікті әрекет ететін топ құрамының қызметкерлерінің топтық тәсілдерімен немесе арнайы құрылған жедел тергеу топтарының үздіксіз жұмыс жасауларына байланысты жүзеге асырылады. Үздіксіз әрекет ететін жедел-тергеу топ құрамына – барынша тәжірибелі тергеушілер, маман-криминалистер, дәрігерлер, жедел-ізвестірушілер кіреді.

Меншікке қарсы барлық қылмыстарға тән жалпы (ортақ) белгілердің болуы, оларды тергеу әдістемесінде жалпы заңдылықтардың болуынан көрініс табады. Сондықтан да қылмыстардың әрбір түрлері мен топтарын тергеу кезінде олар нақты әдістеменің ерекшеліктеріне қарамастан жалпы қағида талаптарына сәйкес келуі тиіс. Қағида деп – белгілі бір ғылыми теорияда басшылыққа алатын негізгі идеяларды айтамыз.

Криминалистикалық әдістеменің қағидасы – қылмыстық жауаптылыққа тартылатын әрекеттерді тергеуді жүзеге асыратын және де ұйымдастыратын ережелердің жиынтығы. Криминалистикалық әдістеменің қағидаларының: жалпы, жеке, арнайы – деп үш топқа бөліп қарастырылады. Жалпыға – қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесінің заңдылықтарын сақтау; теория мен тәжірибенің біртұтастығы; қылмыстық әрекеттердің жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесінің мақсаттылығы; олардың тергеудегі тәуелсіздігі; мамандандырылуы жатады [6]. мысалы меншікке қарсы қылмыстардың пайда табу түріне байланысты топтастырып қарастыра аламыз.

Жеке қағидаларға – қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемелерінің: ғылымилығы, тиімділігі және құрылымдылық біртұтастығы; олардың жоспарлық негізі мен кезеңділігі, алуалдылығы, көп қырлылығы және нақтылығы жатады. Арнайы қағидалар – көп дәрежелі, олар мазмұны бойынша әртүрлі және қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемелерінің негізгі бастауларынан тұрады.

Қылмыстық әрекеттердің кез-келген түрін тергеу міндетті түрде заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды қатаң түрде орындау қажет: - тергеу – тек қылмыстық заң бойынша қылмыс болып табылатын іс-әрекеттерге қатысты жүзеге асырылуы керек; - тергеу қылмыстық сот өндірісінің мәселелерін шешуге бағытталуы қажет.

Меншікке қарсы қылмыстырдың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі барлық қылмыстық әрекеттердің ашылуына, сондай-ақ тергеудің сапасын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Қылмыстардың ашылмай қалуы, қылмыскердің әшкереленбеуі заңсыздық жағдайына әкеп соқтырады, тұрақсыз адамдарды құқыққа қолсұғушылық әрекеттерінің жаңа

жолын жасауға итермелейді. Көзделген мақсаттарға жету үшін қылмыстық істегі мән-жайлар, жан-жақтылық, толықтық және объективтік шарттарына сәйкес зерттелуі қажет. Тергеудің толықтығы мен объективтілігін қоса алғанда іс бойынша объективтік шындыққа жетудің маңызды кепілі болып табылады.

Тергеудің жан-жақтылығы талабының орындалуы істі дұрыс шешуге қажетті барлық мән-жайларды дұрыс бекіту және оларды мұқият зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Мұндай мән-жайлар заңда көрсетілген. Бірақ әрбір қылмыстық істің өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан да әртүрлі істер бойынша тергеу барысында дәлелдеуге жататын мән-жайлардың мазмұны бірдей болуы мүмкін емес. Әдістеме ережесіне сүйене отырып, тергеудің жан-жақтылық талабын орындау арқылы тергеуші іске қатысты мән-жайлар қатарын дұрыс анықтап, оларға зерттеу жұмыстарын жүргізуі тиіс. Іс үшін маңызды мән-жайлардың зерттелмей қалуы, оның сотта дұрыс шешілуі мүмкіндігін қиындатады және қосымша тергеу жүргізуге қайтадан әкеп соғуы мүмкін.

Тергеудің жан-жақтылығы қылмысты жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау міндеттілігін білдіреді. Бұл міндет алдын ала тергеу барысында дәлелдеу жолымен шешілуі тиіс. Сондықтан да әдістеменің нақты тарауларында қылмыстың бұл түріне тән себептер мен жағдайларды анықтау мен оларды алдын алу, сонымен қатар нақты қылмыстық жазаланатын әрекеттердің себептері мен жағдайларын анықтаудағы тәсілдері мен әдістері жөнінде ұсыныстар бар. Істі дұрыс шешуге маңызды әрі барлық сұрақтарға толық жауап беруге мүмкіндік беретін, іс бойынша қажетті және жеткілікті мәліметтер анықталуы керек.

Нақты айтқанда істің барлық жағдайларын дәлелдеу үшін құрал-жабдықтардың толықтылығы қажет. Объективтілік – бұл дәлелдеулерді жинау мен бағалауда айыпталушыны айыптайтын немесе ақтайтын, сонымен қатар оның кінәсін ауырлататын, болмаса жеңілдететін мән-жайларды анықтау мен зерттеу, анықтау және алдын-ала тергеуді жүргізу кезінде заңда белгіленген тәртіптерді мүлтіксіз сақтау[6].

Меншікке қарсы қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемелері тергеу қызметкерлерінің уақытын дұрыс, тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Мамандандыру арқылы белгілі бір жасалған қылмыстық әрекеттерді, қылмыстың ізін жасыруға бағытталған әрекеттерді зерттеуді және осының негізінде неғұрлым тиімді тактикалық тәсілдерді қолдану арқылы қауіпті және инсценировкаланған қылмыстарды ашу мен оларды алдын алуға мүмкіндіктер туғызады.

Қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарының әдістемесі осы әрекеттер мен тергеу тәжірибесін зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерге негізделе отырып жетілдіріледі.

Қылмыстардың жасалу тәсілі (дайындау, қылмысты жасау, оның ізін жасырудағы белгілі бір қылмыстың элементі бар әрекеттің жиынтығы) туралы теориялық ілім әдістемеден белгілі бір орын алады[7.]. Қылмысты жасау және оның ізін жасыру тәсілдері объективтік және субъективтік

факторларға байланысты. Объективтік факторларға қылмыскердің әрекет ететін жері, орны, субъективтік факторларға, қылмыс субъектісінің жеке басының қасиеттері – оның білімі, талабы, әдеті, дағдысы, мінез-құлқы жатады. Объективтік факторлар сияқты (тәрізді) субъективтік факторлар да кездейсоқ және үздіксіз әсер етуі мүмкін.

Меншікке қарсы қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі ұсыныстарының тиімділігі қылмыстық әрекеттерді тергеу және ашу барысында тергеуші мен жедел-қызметкерлерінің өзара бірігіп мәселелерді шешуіне байланысты өзара әрекет етуді ұйымдастыру – көбінде анықтау және алдын ала тергеу нәтижелілігін сондай-ақ жүргізілетін тергеу әрекеті мен жедел-іздістіру шараларының тиімділігін анықтайды. Бұл қызметкерлердің өзара бірігіп немесе келісе отырып әрекет етуі, қажетті ақпараттар мен мәліметтерді өзара алмастыра пайдалануы іс бойынша көп күш кетірмей барынша жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндіктер береді.

Қылмыстылықпен күрес жүргізуге қоғамды тарту криминалистикалық зерттеу әдістемесінің объектісі болып табылады. Оларды пайдалануда қойылатын талап қылмыстық іс жүргізу кодексінде қарастырылған. Тергеуші қылмысты тергеу мен оны алдын алуға қоғамды тарту барысында азаматтардың көмегінің әділеттілік қағидасын сақтауы тиіс. Қоғамның қатысуы әртүрлі формада болуы мүмкін: қылмыс жасауға дайындалып жатқандық туралы хабарлау; қылмыстық элементтерді іздестіру және іс бойынша куәлерді анықтау; тергеушіге дәлелдемелерді ұсыну; жүргізіліп жатқан тергеу әрекеттеріне және ұйымдастырылу шараларына қатысу; қылмыстың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау [4]. Меншікке қарсы қылмыстырды криминалистикалық тергеу әдістемесіне – айыпкердің жеке басы туралы мәліметтерді жинау әдістері мен тәсілдерін өңдейді, қылмыстық әрекеттерді ашу үшін және қылмыскерлерді қайта тәрбиелеу жөніндегі шараларды қабылдау үшін қажетті мәліметтер шеңберін анықтайды, айыпкердің жеке басы туралы дәлелдемелердің қайнар көзін көрсетеді, тергеу әрекеттерінің тактикалық тәсілдері туралы ұсыныстарды мәлімдейді, қалыптастырады, осы мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. Айыпталушының жеке басын анықтап зерттеу, оның әрекетін дұрыс саралауға және соттың жазалау шараларын әділетті қолдану мүмкін емес. Айыпкердің жеке басы – оны тәрбиелеуге байланысты қолданылатын тәсілдерді; айыпкердің қатысуымен тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасын; оған қолданылатын бұлтартпау шараларын дұрыс іріктеп алу үшін және қылмысты алдын алу жөніндегі шараларды қабылдау әдістерін дұрыс таңдау мақсатында анықталады.

Алдын ала тергеуге қатысушы тұлғаның жеке басын анықтаудың көлемі мынандай: а) демографиялық; ә) өмір сүру жағдайы туралы; б) адамның денсаулық жағдайы жөніндегі, оның физикалық және психикалық ерекшеліктері туралы; в) сезіктінің (айыпкердің), куәнің, жәбірленушінің өмір бейнесін, оның мінез-құлқы мен таныстарын сипаттайтын; г) моральдық және интеллектуалдық қасиеттері, мінез-құлық ерекшеліктері туралы [8]. Тергеушінің қолындағы айыпкердің жеке басына байланысты мәліметтер

жекеленген тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қолданылуы мүмкін. Мәселен, жауап алу кезіндегі айыпкердің жасын (мысалы, егер ол кәмелетке жасы толмаған болса) анықтауға байланысты алынған мәліметтер, жауап алудың тиімді ерекше тәсілдерін іріктеп алуға мүмкіндіктер береді; ал оның білімі, интеллектуалдық даму деңгейі жөніндегі алынған мәліметтер, айыпкердің жеке басына бағытталған тәсілдерді ұтымды түрде қолдануға, сонымен қатар олармен психологиялық байланысты орнату мен олардың жалған көрсетпелерін әшкерелеуге немесе алдын алуға жағдайлар жасайды.

Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасында әрбір элемент белгілі бір мазмұнға ие. Төменде көрсетілетін элементтер профессор Г.А. Мозговыхпен қарастырылған. Оларға жеке тоқталатын болсақ: Қылмыскер тұлғасы – криминологиялық ғылымның негізгі зерттеу объектісі. Криминалистика ғылым ретінде қалыптасқан сәттен бастап, қылмыскердің тұлғасын зерттеу мәселесіне көп көңіл бөлініп келеді. Н.П. Яблоков қылмыскердің тұлғасын криминалистикалық зерттеуде екі бағытты бөліп көрсетеді. Бірінші бағыт – әрекеттің түрі, орны мен уақытын, қылмыстық қол сұғушылықтың пәнін ескере отырып белгісіз қылмыскердің тұлғасы туралы мәліметтерді алуды қарастырады. Екіншісі – субъект тұлғасының криминалистикалық тұрғыдан бағалау мақсатында сезіктінің немесе айыпталушының тұлғасын зерттеу. Аталған екінші бағыттың жалпыланған ғылыми нәтижелері қылмыскер тұлғасының типологиялық ерекшеліктері туралы ақпаратты қалыптастыруда маңызы ерекше. Қылмысты тергеу процесінде белгісіз қылмыскердің тұлғасын криминалистикалық зерттегенде оқиға болған жерден табылған материалдық іздерді зерттеу жолымен, сондай-ақ жәбірленуші мен куәлардың көмегімен қылмыс жасаған тұлғаның биологиялық, физиологиялық, кәсіби белгілері есепке алынады. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы үшін қылмыскердің әлеуметтік, демографиялық, психологиялық қасиеттері де үлкен маңызға ие. Олар мыналар: өмірбаян сипатындағы мәліметтер (жасы, жынысы, ұлты, білімі, отбасы жағдайы); қоғам өмірінің негізгі салаларында тұлғаның қатысуын сипаттайтын мәліметтер; тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттері (темперамент, ерік-сезіктері); Әр түрлі қылмыстар жасайтын субъектілердің тұлғасы жөніндегі осы мәліметтерді жалпылау – қылмыскер тұлғасын қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының маңызды элементері ретінде нақтылауға көмектеседі[9].

Қылмыстың жәбірленушісі. Кейбір қылмыстар бойынша криминалистикалық талдауда жәбірленушінің типологиялық ерекшеліктері алдыңғы орынға ие болады. Себебі, жәбірленуші алдын ала тергеу мен сот мәжілісінің орталық фигурасы болып табылады. Жәбірленуші тұлғасының ерекшеліктері жөніндегі мәліметтер криминалистикалық жоғары маңызға ие. Олар: жәбірленушінің әрекеттерінің қылмыс механизмінің қалыптасуына тигізетін әсерін анықтауға; жәбірленушінің тұлғасын, оның қылмыскермен қарым-қатынасын зерттеуге; тергеу кезіндегі жәбірленушінің жүріс-тұрысын болжауға; жәбірленушінің тұлғасы мен жүріс-тұрысымен байланыста болатын қылмыстың жасалуына итермелеген себептер мен жағдайларды

бекітуге; жәбірленушінің қатысуымен жүргізілетін тергеу әрекеттерінің тактикалық әдістерін таңдауға көмектеседі; Жәбірленушінің тұлғасы туралы типологиялық мәліметтер жауап алу және оның қатысуымен өзге тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде жәбірленушімен психологиялық байланыс қалыптастыру үшін маңызы бар.

Қылмыс жасау тәсілі. Көптеген криминалистердің пікірлері бойынша, бұл элемент өте үлкен маңызға ие. Әрбір жекелеген жағдайларда қылмыс жасау тәсілі нақты болады. Қылмыстық-құқықтық ғылымында қылмыс жасау тәсілі қылмыс құрамының объективтік жағын сипаттау үшін қажет. Ал қылмыстық іс жүргізу құқығында бұл элемент қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың бірі және айыптау қорытындысы мен айыптау үкімінің құрылымындағы міндетті элементтердің бірі ретінде қарастырылады.

Криминалистикада қылмыс жасау тәсілі – қылмыс іздерін қайдан, кімнен іздеуді, ол іздер қандай құралдармен қалдырылғандығы, т.б. мән-жайларды анықтауға көмектесетін ақпараттың маңызды қайнар көзі болып табылады.

Қылмыс жасау тәсілі – деп қоршаған орта жағдайлары мен қылмыскердің психофизиологиялық қасиеттерімен анықталған, қылмысқа дайындалу, оны орындау мен ізін жасыру жөніндегі әрекеттердің жүйесін түсінеміз. Қылмыс жасау әдісі криминалистикалық сипаттаманың негізгі элементтерінің бірі екендігі туралы барлық криминалистердің пікірі бір болып есептеледі. Қылмыс жасау әдісін танып-білу – іс бойынша қажетті мән-жайларды танудың кілті десекте болар [4].

Қылмыс жасау тәсілдерін қалыптастыруға объективтік және субъективтік факторлар негізделеді. Объективтік факторларға қылмыскер қол сұққан қоғамдық қатынастардың түрі мен сипатын, қылмыскер әрекет еткен жағдайды, қылмыстық қол сұғушылық пәнінің ерекшеліктерін жатқызуға, ал субъективтік факторлардың қатарына қылмыскер мен жәбірленушінің психологиялық ерекшеліктерін, қылмыстың ниеті мен мақсатын кіргізуге болады. Қылмыс жасау тәсілі – күрделі, әрі жинақтаушы ұғым. Қасақана жасалған қылмыстарға байланысты қылмыс жасау әдісі бойынша мынандай элементті көрсетуге болады: дайындалу, орындау, оның ізін жасыру әдістері. Ал абайсызда жасалған қылмыстарда келесідей екі немесе бір элемент орын алуы мүмкін: орындау немесе орындау және жасыру әдістері.

Қылмыс жасау механизмі. Криминалистикалық талдау жасалғанда қылмыс жасау әдісімен бірге, қылмыс жасау механизмі сияқты түсінік те қолданылады. Егер қылмыс жасау әдісі – қылмыстық нәтижеге жетуге және оның зардабын жасыруға бағытталған әрекеттер туралы ақпаратты қамтыған жағдайларда қылмыс жасау механизмі барлық компоненттермен өзара байланыста болатын қылмыстық әрекеттердің динамикасын көрсетеді. Әрбір жүйе сияқты, қылмыс жасау механизмі белгілі бір заңдылықтардың әсерімен қалыптасады. Көптеген криминалист ғалымдар криминалистикалық сипаттамада элементтің бұл түрін көрсетпейді. Бұл элемент қылмыскер

тарапынан болған әрекеттің көп деңгейлілігімен, қылмыстық әрекетке белгілі бір қатысушыларды тартумен және көптеген фактілердің әсер етуімен сипатталады.

Бастапқы тергеу ситуациясы. И.Ф. Пантелеев пен А.Ф. Савкин қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының құрылымындағы осы элементке көп көңіл бөлген. Олар: “Жалпы алғанда, тергеу ситуациясы – нақ сол сәтте қылмысты тергеу жүзеге асырылып жатқан жағдайлардың жиынтығынан тұрады” – деп көрсетті. Ол объективтік және субъективтік факторлардың әсерімен қалыптасады. Объективтік факторлар – тергеудің белгілі бір кезеңінде қолданылатын дәлелдемелік және бағдарлаушы ақпараттың көлемі мен сипатынан құралады. Ал субъективтік факторлар – тергеушімен іс бойынша қатысушы тұлғалардың өзара қарым-қатынасының ерекшеліктері мен психикалық жағдайынан тұрады,” - деп нақтылайды.

Профессор Н.А. Селиванов өз еңбегінде: “тергеу ситуациясын тергеу жүргізу үшін маңызы бар ақпараттың қосындысы ретінде қарастырады”. В.К. Гавло “тергеу ситуациясын белгілі бір тергеу сатысындағы оқиғаның маңызды белгілерін көрсететін фактілік мәліметтердің жиынтығы,” - деп көрсеткен [10].

Ал Л.Я. Драпкин өз пікірі бойынша: “тергеу ситуациясы тергеушінің өз әрекеттерін жоспарлайтын өзіндік “ақпараттық үлгі” - деп ұсыныс жасаған. Әртүрлі қылмыс түрлерін тергеудің бастапқы кезеңіне тән тергеу ситуациялары өз сипаты мен сапасы бойынша ерекшеленеді. Дегенімен де, алғашқы тергеу ситуациясы мен тергеу ситуациясы туралы түсініктер әр түрлі мазмұндағы түсінік болып табылады. Тергеу ситуациясы – алғашқы, аралық және соңғы болып бөлінуі мүмкін және қылмыстарды тергеу әдістемесінде елеулі орынға ие. Криминалистикалық сипаттаманың элементі болып тек бастапқы тергеу ситуациясы танылуы мүмкін және осы арқылы тергеуші қылмыс белгілерін анықтау сәтіндегі жағдаймен таныс болады[4]. Осы қылмыстарды тергеудің әдістемесі тергеудің ең тиімді бағытын таңдауда нақты ұсыныстар жиынтығын, негізделінген ғылыми-техникалық әдістер мен құрал-жабдықтарын және тактикалық тәсілдерін қарастырады. Криминалистикалық сипаттамадағы тергеу ситуацияларын дұрыс бағалау – тергеудің тиімді бағыттарын таңдаудағы маңызды шарт болып табылады.

Қылмыс жасау жағдайы. Қылмыс оқиғалары объективтік шындық процестерімен және қылмысқа қандай да бір қатысы бар тұлғалардың жүріс-тұрысымен өзара байланысты болатын: уақыт, жер және қоршаған ортаның нақты жағдайларында орын алады. Қылмыс жасау жағдайларын анықтау және талдау арқылы қылмыс іздерін, куәларды, т.б. мән-жайларды анықтау жөнінде өте бағалы криминалистикалық ақпараттарға қол жеткізуге болады. Р.С. Белкиннің анықтауы бойынша: «қылмыс жасау жағдайы – бұл нақты өмірлік жағдайлар. Оның құрамына оқиғаға қатысушылардың жүріс-тұрысы, осы қатысушылардың әрекеттеріне ықпал ететін немесе кедергі болатын әр түрлі жағдайлар кіреді»[5].

Ал В.А. Образцов заң оқулықтарында қылмыс жасау жағдайларының мазмұнына: “қылмыс жасалған жердің, уақыттың сипаттамасымен қатар, сол

жердің территориялық, климаттық, демографиялық ерекшеліктерін де енгізуді” – ұсынған[6].

Қылмыс жасау жағдайларының элементтерін табу және талдау тергеудің неғұрлым тиімді жолдарын анықтау үшін өте бағалы криминалистикалық ақпаратты ұсынады. Қылмыс жасау жағдайлары туралы осы және басқа да мәліметтерді талдау және жалпылау нақты қылмысты тергеу барысында қылмыскердің жұмыс орны мен мекен-жайын анықтауға көмек келтіреді.

Қылмыстық қол сұғушылықтың заты. Қылмыс жасау процесінде қылмыскердің тікелей әсер етеуіне ұшыраған материалды құнды заттар – қылмыстық қол сұғушылықтың заты болып табылады. Қылмыстың объектісіне қоғамдық қатынастар, ал қылмыстың затына осы қатынастардың дамуын қамтамасыз ететін олардың материалдық көріністері жатады.

Әртүрлі қылмыс түрлерін жасау кезінде қылмыстық қол сұғушылықтың заты ретінде төмендегілер табылуы мүмкін: мүлік (мемлекеттік, қоғамдық және т.б.); айналымы шектелген заттар (қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, есірткі, психотроптық заттар); мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер; тарихи, мәдени тұрғыдан бағалылығы бар заттар мен құжаттар; табиғи байлықтар. Дегенімен де, бұл элемент барлық қылмыс түрлеріне, мысалы: бұзақылық, жол-көлік оқиғасы, қоршаған ортаны ластау қылмыс түрлеріне тән емес. Қылмыстық қол сұғушылық затының криминалистикалық маңызы, ең алдымен қылмыс жасау процесінде нақты заттарға қылмыскердің әсер етуімен қамтамасыз етілетіндігінде. Қылмыстық қол сұғушылық затының ерекшеліктерін білудің маңызы тергеушіге белгілі бір іздердің түрін тауып, оларды бекітуге бағдар береді. Қылмыстық қол сұғушылықтың бұдан басқа да ерекшеліктерін білу және ол туралы жалпылама мәліметтер – нақты қылмыс категориялары туралы негізделген болжаулар жасауға мүмкіндіктер береді.

Қылмыстың материалдық іздері. Іздер – қылмысты ашу үшін қажетті маңызды әдістер болып табылады. Бірақ барлық криминалистер криминалистикалық сипаттамаға іздер және оларды табуға мүмкін болатын жерлер туралы мәліметтерді енгізуге бірдей қарамайды. Г.А. Мозговых, В.А. Сергеев, Е.Ф. Жәкішев т.б. ғалымдар: “бұл мәліметтер криминалистикалық сипаттамаға енгізілуі тиіс” – деп есептейді. Профессор Г.А. Мозговых, “әрбір қылмыс түрі іздер түріндегі материалдық зардаптардағы өзіндік белгілерімен ерекшеленеді,” – деп бөліп көрсеткен[11].

Көптеген типтік іздерді, олардың пайда болу механизмін, жиналуы мүмкін болатын орындарды танып-білу нақты қылмысты ашудың жолын айқындайды. Қылмыс жасау кезінде пайда болатын материалдық өзгерістер қылмыс оқиғасымен себепті байланыста бола отырып, үлкен дәлелдемелік маңызға ие болады.

Қылмыстың ниеті және мақсаты. Ниет және мақсат – қылмыс құрамының субъективтік жағының өзара тығыз байланысты белгілері болып табылады. Сондықтан заңи әдебиеттерде бұл ғылыми категориялар бірге қарастырылады. Қылмыстық-құқықтық ғылымда ниет деп қылмыс жасауға

итермелеген, қажеттіліктер мен мүдделермен қамтамасыз етілген тұлғаның саналы түрде көрініс табатын ішкі сезімдерін айтамыз.

Ал мақсат деп қылмыс жасау нәтижесінде қылмыскердің сыртқы өмірінде болатын өзгерістер туралы тұлғаның ой-пікірін түсінеміз. Ниет әрбір қылмысқа тән және қызғаныш, кек алу, көре алмаушылық, жек көрушілік, бұзақылық немесе пайдакүнемдік сипатта көрініс табуы мүмкін. Мақсат – қылмыс жасауға итермелей отырып, тұлғаның еркін білдіреді. Қылмыстық жүріс-тұрыстың шынайы ниеті мен мақсаттарын білу қылмысты тергеу барысында оның қозғаушы факторларын бекітуге көмектеседі.

Қылмыстың салдары. Қылмыстың салдары немесе нәтижесі деп тұлғаның әрекетімен қамтамасыз етілген және қылмыс құрамының объективтік белгілеріне жатқызылатын, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардағы немесе қоршаған ортада болған өзгерістерді айтамыз.

Қылмыстық әрекет әр түрлі зиянды және қоғамға қауіпті салдарларды туындатуы мүмкін. Қылмыс салдары түсінігінің криминалистикалық аспектісі қылмыс іздері мен белгілерін тауып, оларды зерттеу және іс бойынша объективті шындықты бекіту үшін маңызы бар, қылмыс жасауға байланысты қоршаған ортада болған өзгерістерді де қамтиды. Қылмыстық нәтиже – дене зақымымен, мүліктік немесе моральдық зиянмен көрініс табуы мүмкін. Қылмысты тергеу процесінде оның салдары себепті байланыс тұрғысынан жан-жақты талдануы керек. Бұл аталған элементтің криминалистикалық сипаттама құрылымындағы маңыздылығын арттырып, нақты қылмыс түрлерін тергеу кезінде дәлелдеу үшін маңызы бар барлық мән-жайларды жан-жақты бекітуге септігін тигізеді.

Қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен жағдайлар. Себеп – бұл тергеуді туындататын құбылыс, оның әрекет етуі салдар туындау үшін қажетті оқиғалардың белгілі бір дамуын алдын ала анықтайды. Қылмыс жасауға итермелеген жағдайлар – қылмысты туындатпайтын құбылыс-процестер, бірақ олар себептің әрекет етуін жеңілдетеді және қамтамасыз етеді.

Криминалистика ғылымының бір міндеті – оның пәнін анықтай отырып, қылмысты алдын алу болып табылады. Бұл міндетті орындау оның жасалуына көмегін тигізген себептер мен жағдайларға талдау жасамай мүмкін болмайды[7]. Сондықтан тергеу процесінде оларды анықтау үлкен криминалистикалық маңызға ие, себебі оларды танып-білу: қарастырылып отырған қылмыстың жасалу жағдайларын жан-жақты анықтауға көмектеседі; тергеушіге ұқсас қылмыстардан сақтандыру жөнінде белгілі бір шаралар қабылдауға мүмкіндік береді; себептер мен жағдайларды жалпылау әр түрлі мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен жүргізілетін қылмыстан сақтандыру жөніндегі шараларды талдағанда қолданылуы мүмкін; Қылмыс мән-жайлары бойынша көрсетпелерді қалыптастыруға әсер ететін факторлар Қылмыстарды тергеу процесінде іс бойынша дәлелдік ақпараттың маңызды бөлігін тергеуші куәлардан, жәбірленуші, сезікті, айыпталушыдан жауап алу кезінде алады.

Көрсетпелердің қалыптасу процесі 3 кезеңнен тұрады: қабылдау (восприятие); есте сақтау (запоминание); еске түсіру (воспроизведение).

Тергеліп отырған оқиғаның мән-жайлары жөнінде ақпараттарды алу мақсатында жауап алу жүргізу кезінде тергеуші аталған факторларды білуі қажет және көрсетпелерді бағалау кезінде ескереді. Сәйкесінше, шынайы көрсетпелер алуға бағытталған тактикалық және психологиялық тәсілдерді қолдануы тиіс.

Сондықтан тергеліп отырған әрекеттің мән-жайлары жөніндегі көрсетпелердің толықтығы мен шынайылығына әсер ететін факторлар туралы жалпылама мәліметтер кез-келген қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасының маңызды элементі болып табылады.

Қылмыс іздерін жасыруға бағытталуы мүмкін әрекеттер. Қылмыс іздерін жасыру бойынша жүргізілетін әрекеттер тергеуге кедергі жасауға бағытталады және жасыру (утаивание), жою (уничтожение), инсценировка және жалғандық (фальсификация) түрінде көрініс табуы мүмкін.

Жасыру кезінде қылмысты тергеу үшін маңызды ақпарат тергеушіге беймәлім болады. Жою – қылмыс іздері мен ол туралы ақпаратты физикалық күш тұрғысынан жою жөніндегі белсенді әрекеттерден көрініс табады.

Инсценировка – қылмыскер, қылмыс құралы және қылмыс жасаудың мән-жайлары туралы түсініктерді өзгерту мақсатында жүзеге асырылады. Мысалы: объектілердің орнын ауыстыру, қылмыс субъектісінің сыртқы көрінісін өзгерту және т.б. Іздер мен өзге де дәлелдемелік ақпараттың жалғандығы – олар туралы жалған түсінік қалыптастыруға бағытталған. Мысалы: жалған көрсетпелер беру, жалған куәларды қою, жалған іздер қалыптастыру және т.б. Тергеушінің қылмысты жасыру тәсілін білуі қылмыскердің айла-тәсілдерін уақытылы анықтауға, сондай-ақ осы бағытта қолданылып жатқан мүмкін болатын әрекеттерді алдын алуға септігін тигізеді[8].

Талан-тараж нысанында жасалған қылмысты ашуға байланысты, топ құрғанда міндетті түрде әрбір қызметкерлердің мамандандырылу деңгейі, біліктілігі оның тәжірибелік стажы мен ептілігі ескеріледі. Жедел-тергеу топтарының жұмыстарындағы әдетте кетіп жатқан (кездесетін) кемшіліктер, олардың құрамының әлсіздігі мен тұрақсыздығына, топ құрамы мүшелерінің қасақана кісі өлтіру қылмысымен байланысы жоқ басқа шаралар мен айналысуына, сонымен қатар қажетті техникалық құралдармен, жұмыс жасау үшін ғимарат орындарымен, транспорт құралдарымен қамтамасыз етілмеулеріне байланысты.

Үздіксіз (күнделікті) әрекет ететін жедел-тергеу топтары оқиға болған жерге шыққан сәттен бастап қылмыскер анықталғанға дейін жұмыс жасаулары тиіс. Қылмыстық әрекеттер анықталғаннан кейін, ары қарай қылмысты ашу жұмыстарын (әрекеттерін) тергеушілер жалғастыруларына болады. Қылмыс қоғамдық ортаны дүрліктірітіндей ауырлататын жағдайда жасалған кездерде, тергеуді толық көлемде жүргізулері қажет.

Меншікке қарсы қылмыстырды тергек барысында әсіресе қылмыстық тергеуде «ізі суымаған» қылмыстар бойынша жедел-іздігіру топтары

қылмыс болған жерлерге, пәтер-аулаларға жаппай тексеру жұмыстарын жүргізу жолымен іздестіру шараларын жүзеге асырады. Арнайы құрылған кестеге байланысты шешілетін сұрақтар тізімін тексеру кезінде жиналған мәліметтер мен іздестірудегі тұлғаның жүрген жері бойынша құрылған кестені көзделген мақсатқа сәйкес талдау қажет. Қажет болған жағдайларда жәбірленуші мен қылмысқа сезікті (қылмыс жасауы мүмкін деп жорамалданған) тұлғаның іс-әрекеттеріне (хронаметраж әдісімен) бақылау жұмыстарын жүргізу керек, оқиға болған жердегі ауданда куәлар мен оқиғаны көзімен көрушілердің жүру мүмкіндігін ескеру қажет.

Меншікке қарсы қылмыстырдың ең көп тараған талан-таражға - ұрлық (175 бап), тонау (178 бап), қарақшылық (179 бап), алаяқтық (177 бап), қорқытып алушылық (181 бап) жатады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Криминалистика негіздері оқу құралы / Алтынбек Ғалымгерейұлы Абуов; А. Ғ. Абуов.- Алматы: Жетіжарғы, 2004.- 256 бет.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. - Алматы: Жеті жарғы, 2012. - 146 б.
3. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Оқулық. Алматы, Жеті жарғы, 2004 ж.540 б.
4. Криминалистика: Оқулық / Е.Ғ.Жәкішев, Ә.А.Исаев, Г.Х.Найманова, Р.Б. Тапалова, Н.С.Темірболат. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 396 бет.
5. Следы человека и приемы их использования для получения информации о преступнике и обстоятельствах преступления Лекция / Михаил Васильевич Салтевский; МВД СССР, Киев.высш. шк. им. Ф. Э. Дзержинского.- Киев: Науч.-исслед. и ред. изд. отд., 1983.- 40 с.
6. Криминалистика / Под редак. Р.С. Белкина. - М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА. 1999. - 990 с.
7. Аубакиров А., Ким Ә. Криминалистическая экспертиза материалов и веществ: Учебное пособие. - Алматы, ВШП Әділет, 2001. - 222 с.
8. Криминалистика: рекомендации к раскрытию преступлений учеб.-практ. пособие / Александр Яковлевич Гинзбург; А. Я. Гинзбург, Г. И. Поврезнюк, Н. И. Оганов.- Алматы: Жетіжарғы, 2005.- 351 с.
9. Яблокова Н.П., Колдина В.Я. Криминалистика. Учебник - М.: Изд-во. МГУ, 1990. - 464 с.
10. Осмотр места происшествия: Учеб.пособие по спецкурсу / Михаил 10. Павлович Шаламов.- М.: 1966.- 60 с.
11. Мозговых Г. А. Криминалистическая характеристика преступления. - Алматы: Дәнекер, 2002. - 146 с.